

Білім - ақыл-ой беті

Қазақ Бас Сәулет – құрылыс академиясында 2019 жылдың 22 қарашасында «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы АҚ филиалы, Инновация және қосымша білім беру институты және Қазақ Бас Сәулет-құрылыс Академиясы бірлесе отырып «Жаһандану дәуіріндегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру кезіндегі пәнаралық байланыстың біріңғай тұтастануы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық семинар өткізді. Семинар «Әлеуметтік пәндерді оқытуда студенттердің пәндік және жеке құзіреттілігін қалыптастыру», «Жаратылыстану-математикалық пәндердің пәнаралық байланысын жүзеге асыру», «Жаһандану жағдайындағы тіл және мәдениет», «Қазіргі теория мен практика контекстіндегі сәулет, дизайн және құрылыс біліміндегі пәнаралық байланыстар» секциялары бойынша өткізілді.

Семинардың ашылуы ҚазБСҚА-ның Ғылыми кеңес залында өтті. Семинардың ашылу сөзін Академиялық сұрақтар жөніндегі проректор – ҚазБСҚА Кампус директоры академиялық профессор Дина Әбілмәжінқызы Амандықоваға берілді. Сондай-ақ семинарға Манчестер Университетінен келген Джозеф Томас Улиям мен Түркия елінен келген Айше Иылдыз сөз сөйлеп, Халықаралық деңгейде ұйымдастырып отырған семинарға шақырылғандықтары үшін өз ризашылықтарын білдіріп, семинардың мазмұнында өз пікірлерімен бөлісіп, көптеген ақпараттармен кеңесті.

Семинардың ашылуынан кейін семинарға келген қатысушы меймандар колледж оқытушыларының ашық сабақтары мен студенттер арасында ұйымдастырылған мастер класстарына қатысып тәжірибе алмасты. Семинар соңында Халықаралық ғылыми-практикалық семинарға қатысқандары үшін Сертификатпен марапатталды.







